



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

- 1.Шестиканова А. А. Визуализация информации посредством инфографики и ее использование в образовательной деятельности // Педагогические чтения ОГБОУ НПО Профессиональное училище № 26: Тезисы докладов. Усолье-Сибирское. 2013, 238 с.
- 2.www.wikipedia.org/Инфографика
- 3.Сурнин Д. Газетный дизайн. – М., 2014, 218 с.

ҚАЗАҚ ТЕЛЕАРНАЛАРЫНДАҒЫ ТОК-ШОУ БАҒДАРЛАМАЛАРДА ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ КӨРІНІС ТАБУЫ

Шымбергенова К.Р.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Телевизия – өзіндік құпиялары мол, күрделі әлем. Көгілдір экран күн сайын дамып, көптеген көрерменімен күн сайын сырласып келе жатқан ерекше ақпарат құралы екенін ең қатаң сыншы – уақыттың өзі дәлелдеп отыр. Бүгінде әрбір үйдің төрінде тұрған көгілдір қобдиша алыс-жақын ауылдар мен қалалардағы көпшіліктің ақпарат көзі болып отырған басты құрал деп айтуға әбден болады. Сондықтан онда жасалған әрбір бағдарлама немесе хабар халыққа пайдалы болса, көрерменнің көзайымына айналса нұр үстіне нұр болар еді. Сапалы бағдарламалар әркезде де көпшіліктің сұранымына ие. Телевизиялық шоулардың ойы терең, идеясы ұтымды, халыққа пайдасы мол сапалы бағдарламалар жасау үшін көп еңбекті қажет етеді.

1970-80 жылдар Қазақ теледидар жастар бағдарламасының шығармашылық тұрғыдан қанат жайып, жарқырап көрінген тұсы. Әр түрлі телетәсілдерді онды пайдалану, хабардың мазмұны мен берілуі, суреттердің көрінісі, кинотаспалардың сапасы, хабардың әуенмен көркемделуі жиналған мол тәжірибемен ұштасып, телекөрермендерді елең еткізген, соны, тың бағдарламаларды телеэкранға шығаруға мүмкіндік береді. Теледидардың алғашқы жылдарына шолу жасағанда, ойын-сауықтық бағытындағы телебағдарламалар көлемі, көтерген мәселелерінің мәнділігі жағынан эфирде көрнекті орын алады. Өткен ғасырдың 70-80 жылдары Қазақ теледидарында «Алтыбақан», «Қымызхана», «Көкпар», «Ақсүйек», «Тамаша», «Алтын сақа» бағдарламалары халықтық дәстүрдің қайнарынан бастау алған, уақыт кезеңіне сай жаңа түр, тың өрнек, көркемдік кестеге ие болған елеулі туындылар[1, 11 б].

Сексенінші жылдардың орта кезінде өндірісті басқарудың ұжымдық тәсілі, ұжым болып шешім қабылдау туралы көп айтылғандығы белгілі. «Көкпар» осының бір қыры ретінде көрінді. 1983 жылдың ақпанында алғаш эфирге шыққанынан-ақ хабар назарға тез ілікті. «Көкпардың» бұрынғы конкурстық хабарлардан ерекшелігі – ұлттық негізге сүйеніп жасалғандығы. «Көкпардың» сәттілігі – халықтың өлмес мұраларын бүгінгі ұрпаққа жеткізуі, жастарды ойландырып, болжам жасай білуге үйретуі, логикалық ойлау қабілетін жетілдіру болып табылады. Жастардың бір-бірінен алшақтамай бірлесіп ойлауына, тез шешімге келуге баулитын «Көкпар» хабары ұлттық дәстүр және ғылыми-техникалық жетістіктің соңғы жаңалықтарымен қаруланған, танымдық, білімдік мәні бар жаңалықтардан хабардар етті.

«Көкпар» тек зерделі жастар сайысын ұйымдастырып қана қоймай, белгісіз өнерпаздарға жол ашты, республикадағы студент жастардың өміріне серпіліс енгізді. Жеңімпаз команда халықаралық жастар орталығына баратын тегін жолдамаға ие болды. Хабардың тағы бір мақсаты – ойлау мәдениетін қалыптастыру, сөйлеу мәдениетін жетілдіру, ойынды жеткізе білуге мысқалдай болса да көгілдір экран арқылы көмектесу. Ойлануға берілген 60 секунд ішінде тас-түйін болып, бар мүмкіндікті сарқа пайдалануға, қиыннан қиыстырып, аяқ асты шешім қабылдауға үйрету. «Көкпар» - көрермендер мен редакциясының тығыз байланысының жемісі. Додаға түсер сауалдарды сарапқа салар студенттердің зеректігі, зерделілігі, парасаттылығы жоғары болуы талап етіледі. Көкпар дегенде әбден баптап, жаратып мінген сәйгүліктер мен сайын даланы дүбірлеткен қазақтың

ер жігіттері елес беріп өтеді. «Көкпар» хабары да бұдан кем түскен жоқ. «Көкпар» Мәскеудегі «Что? Где? Когда?» бағдарламасының баламасы ретінде болса да, сыртқы түріне ғана еліктеді, ал ішкі мазмұны өзінікі, өз соқпағын тез тауып, ұлттық дәстүрмен жалғастық тапты. Осы хабар үш жылға созылды. 1986 жылы қаңтар айында соңғы бағдарламасы көрсетілді. Осы жылдың ақпанында 34 минуттық «Көкпар почтасынан» атты көрермен хаттарына шолу мен өткен хабарлардан концерттік үзінділерді кездестірдік. Ақпан айында белгілі тележурналист, «Көкпар» хабарын жүргізушісі Бейбіт Құсанбек келген хаттарға шолу жасай отырып, ақырғы нүктесін қойды.

Профессор Н.Омашев: Хабардың ұлттық табиғатын беру деген оңай шаруа емес. Бұл тұрғысында жалпы талпыныстар бар. Мысалы: «Алтыбақан», «Көкпар», «Ақсүйек», «Қымызхана», «Тамаша», «Алтын сақа» сияқты хабардың пішіні ұлттық табиғатына жасалған», - деген еді[2, 34 б].

Ток – шоу бағдарламаларды салыстыру мақсатында бір тақырыппен өткізілген 2 телеарнаның яғни, Қазақстан Ұлттық телеарнасының «Әйел бақыты», Жетінші арнаның «Қыздар арасында» ток – шоуларын алдық. Сонымен, алғашқы ток-шоуға қазіргі қаланың сылқым бойжеткенінен бастап, ауылдағы қарапайым қазақ келіндері мен қаладағы іскер әйелдердің бастарынан өткен шынайы оқиғалары арқау болады. Жасандылықтан алшақ ашық әңгіме құрылады.

Бағдарламада аруларымыздың жан дүниесі, олардың басына түскен қиындығы айтылады. Өмірдің қиын кезеңдерінде жолбасшы-серік болып, әйелдерге ақыл-кеңес беруді көздеген жоба. Бағдарлама мақсаты - қазақ әйелінің ең үздік, ең жарқын бейнесін қалыптастырып, халық арасына насихаттау. Қазіргі заман әйеліне отбасы мен қоғам арасына үйлесім орнатуға көмектесу. Халқымыздың дәстүрімен, заманымен үйлестіре отырып, әйелдердің өзіне деген сенімін ояту, қолдау көрсету.

«Әйел бақыты» тікелей эфирде аптасына 5 рет көрсетіледі. Бұл бағдарламаның ерекшелігі – көрермендер тікелей эфир кезінде және одан тыс уақытта да өз сауалдарын телефон немесе электронды почта арқылы жолдай алады. Ток-шоудың тұсаукесер саны «Арманым адастырмаса екен» деп аталады. Алғашқы бағдарлама жар тандауда жаңылмаудың маңызы жайлы болды. Ток-шоудың жүргізушілері Ләйлә Сұлтанқызы, Қарагөз Сүлейменова және Әйгерім Есенәлі[3, 61 б].

2013 жылы 9 қыркүйек күні «Әйел бақыты» алғаш рет эфирге шықты. Сол кездегі мақсат үш түрлі заманның, яғни жастардың, орта буынның және де егде жастағы кісілердің белгілі бір мәселеге деген көзқарасын білу болатын. Яғни сол мәселені үш түрлі көзқараспен аша білу керек еді. Алайда, қазіргі кезде бағдарламаны тек Ләйлә Сұлтанқызы ғана жүргізіп келеді. Бағдарламаны бір адам жүргізу туралы шешімді арна басшылығы қабылдады деп, Ләйлә Сұлтанқызы өзінің бір сұқпатында айтып өтіпті. Бағдарлама көрерменді белгілі бір деңгейде қызықтыра білді.

Әлеуметтік желі арқылы, хат арқылы байланысқа шыққан жандарды бағдарлама кейіпкері ретінде эфирге шығарды. Тұрақты психолог мамандармен тегін кеңес сағаттарын ұйымдастырып беріледі. Осының өзі көпшілік арасындағы ең танымал бағдарламаға айналуына себеп болды деп ойлаймыз.

Ең алғашқы саны, жоғарыда айтып өткенімдей «Арманым адастырмаса екен» деген тақырыптағы бағдарламаны талдамақшымыз. Жүргізушілері Ләйлә Сұлтанқызы, Қарагөз Сүлейменова және Әйгерім Есенәлі. Бағдарлама қонақтары Жайдарман көңілді тапқырлар клубының президенті Есен Елеукен және психолог маман Кәмилә Күсемқызы. Ал, бүгінгі бағдарламаның басты кейіпкері Ақмарал Кәдірбаева жасы 28 де [4, 78 б].

Кейіпкер жайлы шағын бейне сюжеттен кейін, Ақмарал өзінің әлі күнге дейін не себепті тұрмысқа шықпаны туралы барлығына баяндап берді. Айтуынша, қиялдағы ақбозатқа мінген ханзаданы бүгінгі күнге дейін таппаған, әлі күнге дейін кешегі Қозы мен Төлегеннің інілерін кездестіре алмай келетініне қынжылады. Алдынан шыққан Қодардың жолдастарынан әбден мез болған секілді. Жолықтырған жігіттердің басым бөлігі алдап

кеткенін өкіне есіне алды. Ал, жүргізушілер осындай жағдайдың болуына не себеп екенін барынша сұрастырып кейіпкерді сұрақтың астына алды.

Бағдарлама барысында әлемнің түпкір – түпкірінде жүрген жеңгетайлар және әр ұлттың үйлену дәстүрі жайлы бейне сюжет көрсетілді.

Біздің ойымызша бұл бағдарламаның қазіргі кезде жалғыз Ләйлә жүргізуі өте дұрыс шешім секілді. Себебі қазір талқыға алып отырған санында жүргізушілер бір-бірінің сөздерін қайта-қайта бөлумен болды. Бір қазанға екі қошқардың басы симайды дегендей, үшеуі үш жақтан сөйлеп, тыңдау мәдениетін көрсете білмеді. Бұл жерде бір ғана кейіпкердің мәселесі талқыға алынды. Бағдарлама бойы барлығы да Ақмаралға өз арманын орындалуына қол жеткізу үшін көптеген пайдалы кеңестерін беріп, ақылдарын айтты. Бұл тарапта қалың көрермендерде тысқары қалмады. Оларда өз ойларын білдіріп, тәжірибемен бөлісті.

Уақыт өткен сайын айнала да өзгереді. Бағдарлама бір форматта тұрып қалмады. Бүгінде өрледі, өрлеу жолында көптеген кедергілерді жеңе білді. Бағдарлама көптеген көрерменнің ықыласына бөленіп, көп көрерменнің мәселесін шешуде қол қабыс болды. Әлеуметтегі көкейкесті мәселелер және олардың шешу жолдары кеңінен қарастырылып жүр.

Қазақстандық телеарналар нарығындағы жаңа формат. Қызықты әрі танымдық ток – шоу қазақ тілінде көрсетіледі, әртүрлі жастағы әйелдерге арналған. Шоуды жүргізетін екі дәуірдің өкілі - Аша Матай мен Шынар Асқарова. Жаңа шоуда әйел затына қызықты болатын сан түрлі тақырыптар қозғалады, әсіресе бір тақырыпқа қатысты екі заман өкілінің пікірі қандай болады екен? [5, 49 б]

Бағдарламаның тұсауы кесілейін деп тұрған сәтте грим бөлмесіндегі жүргізушілердің дайындығы мен уайымы көрсетіліп, көрермен жүрегі дір сілкіндірді. Бағдарлама басталып, жүргізушілер шығып, көрерменмен амандасып жатқан кезден бастап, бағдарлама өзіне көрерменді бірден тартып алды. Залда отырған көрермендерге салт – дәстүріміз бойынша шашу шашып, бағдарлама ғұмырының ұзақ болуын іштей тілеп ақ жаулықты ана студиядан кетер кетпесте бір жас жігіт келіп салют атады. Ал, жүргізуші Шынар апай не болғанын түсінбей аң – таң. Тіпті, Ашадан не болып жатыр деп сұрайды. Аша өзін қатты жақсы көретін әжесі мен бөлесінің бастап жатқан жұмысына тілеген тілегі екенін айтты. Мен үшін қуанып жатқаны ғой деп ыңғайсызданып күлімсірейді. Яғни, бұл сәтті шыққан шоу. Себебі көрермен тосын сыйды қошеметпен қабыл алды.

Қазақстан Ұлттық телеарнасындағы «Әйел бақыты» ток-шоуындағы «Арманым адастырмаса екен» деген тақырып кеңінен қарастырылмаған сияқты. Басты назар бағдарлама кейіпкеріне емес, жүргізушілерге түскендей. Себебі, үш жақтан үш жүргізуші кейіпкерді басып тастады. Бастан аяқ тек бір ғана кейіпкердің мәселесі қозғалып, басқа мәселелер айтылмағаны көпшіліктің ішін пыстырғандай. Жеті рет өлшеп бірлет кес дегендей, бағдарлама жоспарланған сәтте жоспар нақты жоспарланбаған, мысалға қойылатын сұрақ, айтылатын пікір, көрсетілетін көмек. Алайда, бағдарламаның тұңғыш саны болғандықтан басы қатты, аяғы тәтті боларына сенімдіміз. Уақыт өте шыңдалып, рейтингісі жоғары бағдарламалармен терезесі тең болары айдан анық [6, 67 б].

Жетінші арнадағы «Қыздар арасында» бағдарламасы өзекті мәселелер немесе бір кейіпкердің басындағы оқиғасын талдауға емес, танымдық жағына көп мән берген. Мазмұны қызықты, әдемі шоу, пайдалы кеңестер, сыр мен сымбатқа толы бағдарлама. Гендерлік саясаты басым бағдарлама ер адамдардан тек кеңес сұрап, қонақ ретінде пікірін білу үшін ғана шақырады.

Екі бағдарламаның бағыты ортақ болса да, әр қайсысының өзіне тән өзгешелігі мен ерекшелігі бар. Қазіргі таңда «Әйел бақыты» қоғамдағы қыз-келіншектердің отбасы мен қоғамдағы рөлдері туралы мәселесін қозғап қана қоймай, әйелдер адамдарына өз қамқорлығын аямай, жәрдемдесіп жүрген бағдарлама. Ал, «Қыздар арасында» ток-шоуының жанры танымдық, әуезді, ойын – сауықтық бағыттағы бағдарлама. Себебі, қыз келіншектерге заман талабына сай, киім үлгісін таңдау, бет – әлпетіне күтімді қалай жасау керектігі, жақсы жар атану үшін қандай амал – тәсіл жасау керектігі жөнінде пайдасы сүбелі ток – шоу. Онымен қоса бала тәрбиесінде ананың алатын рөлі мен атқаратын міндеттерін кеңінен

айтып, керекті кеңестермен бөліседі. Қызықтылығы сонша тіпті, көрермен сүйсініп тындап отырғанда бағдарламаның қалай жылдам бітіп қалғанын байқамай қалады.

Екеуі де, әйел заты үшін беретін пайдасы зор, берген мағлұматы болсын, көрсеткен көмектері мен ақылдары болсын. Адам тәрбисіне, қалыптасуымен өркендеу жолында болсын, өзіндік үлестері бар. Ой салып, қандай жағдайда өзін қалай ұстау керектігі жағынан болсын, берері мол. Бірі тікелей эфир де көрсетілсе, бірі алдын ала түсірілген бейне түсірілім. «Әйел бақыты» бағдарламасы тікелей эфирде болғандықтан Қазақстанның түкпір-түкпірінен көрермен хабарласып, көкейлерінде жүрген өз сауалдары мен пікірлерін білдіріп жатады. Эфирде кейіпкердің шынайы сезімдері, қонақтар мен сарапшы мамандардың ниеттері және жүргізушінің өз-өзің ұстауы секілді дүниелердің барлығын тікелей эфирде жасырып қалу мүмкін емес. Яғни, шынайлықты көрсете алатын тікелей эфирді жүргізу қиын дүние. Қателесуге жол жоқ, тіпті қайтадан өңдеп, қайталауға да мүмкіндік берілмейді. Бұл бағдарламада көп дүние жүргізуші мен режиссердің шеберлігін қажет етеді [7, 33 б].

«Қыздар арасында» ток-шоуы алдын ала түсіру жұмыстары жүргізіліп, артығын қиып, азын көбейтуге, қателескен жерін бірнеше мәрте өзгертіп, түсіруге болатын бағдарлама. Жүргізушілерге бұл жерде тәжірибе жинақтауға мүмкіндік мол, алғаш рет эфирге шықса, толқыныс сәттерін қайта өңдеуге жол берілетін дүние. Нақтысын айтқанда, алдын ала түсірген түсірілімді түсурі тікелей эфирден гөрі өте пайдалы, әрі тиімді. Көңілде көтеріліп, ойда бөлініп қонаққа келген кейіпкер өзін жұлдыздай сезінуге мүмкіндік алады. Ал, егер ол кейіпкер алғаш рет эфирге шығатын болса, онда толқыныс пен бірге қорқыныш үрейі басым болады. Сол кезде оларға дайындық жұмыстарын жүргізеді. Ал, дайындық кезінде барлығы жақсы шығып, бағдарлама түсірілімі кезінде бір – екі жерін өзгерту керек болса, дублдар жасалып, толқыныс пен үрейді женуге көмек береді. Алдын ала түсірілетін бағдарламаның тиімді тұсы осы [8, 113 б].

Телевизия арқылы адамдардың бір-бірімен қатынас саласында болған бетбұрыс, көпшілік аудиториясына хабардың дыбыстық-көріністері бейнелер түрінде ену мүмкіндігіне қол жеткізеді. Теледидар аудиторияға адамның қоғаммен байланыс жасауының соны үлгісін береді. Сондықтан оның идеологиялық, әлеуметтік, мәдени мән-маңызы БАҚ-тың басқа түрлерінен өзгеше. Тележурналистиканың қызметтік, құрылымдық және мәнерлілік мүмкіндігін айқындаушы құралдармен бірлікте, теледидар хабарын кеңестік-уақыт класына жатқызуға болады. Бұл көзқараста, теледидар тіл, белгілік жүйесі бойынша, кино және театрмен бірлікте, өзінің антологиялық және семиотикалық ерекшеліктеріне қарай, өнерге тән түр мен мазмұны тығыз, ажырамастық тұтастықта ұштастырады. Теледидардың бұл ерекшелігі публицистикалық және ғылыми хабарларда көрініс табады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Справочник журналиста Казахстана. Алматы. Санат. 2002.- стр. 208.
2. Омашев Н. Журналистиканың жаңа стилі //Ақиқат. №9. 1997. 85-88 бет.
3. Сәрсенов Қ. Тележурналистика терең тамырлы өнер.
4. Олжабай Л. Қазақ телевизиясының қара шаңырағы
5. Хабар агенттігінің интернеттегі сайты: www.khabar.kz
6. Масғұтов С. Көгілдір экран - өмір айнасы. Алматы. 1975
7. Боқаш Ғ. «Теледидар тілі оңай шағылатын жаңғақ емес.
8. Құрманбай Ш. Қап сүйреген қазақ ток-шоудың тапқырлығы ма?

5.2 Политология

2050 СТРАТЕГИЯСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУ ЖОЛДАРЫ

Алибекова Бибігүл Жиенәліқызы